Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
«Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледжі» МКҚК
ГККП «Аграрно- индустриальный колледж, Атбасарский район, город Атбасар»

БЕКІТЕМІН
Басшының оқу жұмысы
бойынша орынбасары
УТВЕРЖДАЮ
Заместитель руководителя
по учебной работе
________ Омарова Г.А.
«__31__»__08______ 2021ж/г.

**Жұмыс оқу бағдарламасы**
**Рабочая учебная программа**

Пәннің атауы: «Рухани жаңғыру» (факультатив)
Наименование модуля или дисциплины: «Рухани жаңғыру» (факультатив)
Мамандық: 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»
Специальность: 07161300 «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта»
Оқу түрі: негізгі орта білім негізінде күндізгі
Форма обучения: очная на базе основного среднего образования
Сағаттардың жалпы саны/Общее количество: 40
Әзірлеуші/Разработчик: __________Молдыбаева Асель Арыстановна
Оқу әдістемелік кеңестің отырысында қаралып, мақұлданды.
Рассмотрена и одобрена на заседании учебно-методического совета.
2021 ж. «31» 08 №1 хаттама
Протокол № 1 «31» 08 2021 г.
Төраға/Председатель ____________ Каппасова Р.Н.

**Түсінік хат**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа жолдаған рухани жаңғыру болашақтың мүддесі аясында түсіндіру. Әрбір оқушы туған жерінің тағылымы мол жәдегері мен құндылығын білу аясында түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Бұл факультатив Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленді.

«Рухани жаңғыру» курсының басты **мақсаты**:

1) өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту;

2) жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу.

Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі **міндеттері** шешілуі тиіс:

1) оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;

4) жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) әр түрлі тәсілдермен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

Рухани жаңғыру сабақтарында, сынып сағаттарында, олардың тәрбиелік мақсаты ретінде («кіші» Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу) жүзеге асырылады;

Факультатив жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы география, биология, тарих, әдебиет және басқа да пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады;

Бұл курстың бағдарламасы сыныпта жекелеген зерттеу топтарымен жүзеге асырылады.

Нақты белгіленген бағдарлама бойынша факультатив сабағы ретінде бөлек оқытылады.

Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс және сабақтан бос уақытта кабинеттерден жергілікті жердің төңірегіне, өзен-көлдердің жағалауына, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарына, ескерткіштерге және тарихи даңқ орындарына, мұражайлар мен көрмелерге т. б. жерлерге саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

Оқу барысында оқушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесі қалыптасуы тиіс. Оқушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі бар.

Алдын-ала оқыту мақсатында, бағдарламаға өлкенің экономикасы жайлы тақырыптар кіргізілгенін атап айту қажет, жоғары сыныптарда ол тақырыптар тереңдетіліп оқытылады. Сонымен қатар, жұмыстың мазмұнына өлкенің тарихи өткені, археологиялық ескерткіштерін, мәдени (сәулет өнері, әдебиет) ескерткіштерін, әр түрлі жанрдағы фольклорлық материалдарды, ұлттық ерекшелігі бар қолөнерді, өлкенің атын шығарған атақты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу кіреді.

Оқушылардың өз Отанына тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл бағдарлама, іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез-келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

А-1 тобында факультативтік курс ретінде аптасына **1 сағат**, жылына **40 сағат** оқытылады.

**Оқу пәнінің базалық мазмұны**

13. Курстың мазмұны келесі тақырыптардан тұрады:

1) «Кіріспе», «Туған өлкем»(1 сағат), «Рухани жаңғыру» пәні нені оқытады, курстың мақсаттары мен міндеттері, білім көздері, маңызы және ерекшеліктері;

2) «Ұлттық құндылықтар»: қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсіну;

3) «Болашаққа бағдар жол»: « Елбасы ұлт мақтанышы». «Балалық шағымның аспаны» фильмін көріп тамашалау. «Жаныңда жүр жақсы адам». «Бір тал кессең,он тал ек». «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында»;

4) «Тіл.Әдебиет. Өнер»: «Тіл және адам болмысы». «Тілдің маңыздылығы». «Сөз өнері». «Шешеннің сөзі –өнеге». «Күй аспаптары». «Күй және күйші». «Театр-өнер айнасы.Ұлттық театр»..

**Оқушылардың тұлғалық нәтижелері:**

1) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуынан;

3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауынан көрініс табады.

**Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:**

1) іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация жасау;

4) коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

**«Рухани жаңғыру» факультативінің тақырыптық-күнтізбелік жоспары**

Аптасына – 1 сағат, барлығы – 40 сағат.

| Сабақ | Тарау мен тақырып атаулары | Сағат саны | Сабақ түрі | Көрнекілік құралдар | Оқушыларға тапсырма | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Туған өлкем** | **10** | | | | |
| 1 | Менің туған өлкем-Атбасар. | 2-2 | Эссе жазу. | Интернет ресурстар | Терминдер | |
| 2 | Менің бақытты қарттарым. | 2-4 | Суреттер | Интернет ресурстар | Мәтін, сөздік | |
| 3 | Үштілділік-заман талабы. | 2-6 | Өлеңдер оқыту | Интернет ресурстар | Ереже, мәтін | |
| 4 | Абай-дана, Абай-дара. | 2-8 | Өлеңдерін, шығармалары н қайт. | Интернет ресурстар | Оқыту, жаттату. | |
| 5 | І.Есенберлин – жерлесіміз. | 2-10 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Шығарм.оқу. | |
| | **2.Ұлттық құндылықтар** | **12** | | | | |
| 6 | Қазақтың ұлттық дәстүрлері. | 2-12 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 7 | Қазақтың ұлттық киімдері. | 2-14 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 8 | Ұлттық қолөнер. | 2-16 | Қолөнер матер ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 9 | Ұлттық ойындар түрі. | 2-18 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 10 | Ұлттық әшекейлер түрі. | 2-20 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Жаңа сөздер | |
| 11 | Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. | 2-22 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Жаңа сөздер | |
| | **3.Болашаққа бағдар жол** | **10** | | | | |
| 12 | « Елбасы ұлт мақтанышы». | 2-24 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Мазмұндау | |
| 13 | «Балалық шағымның аспаны» фильмін көріп тамашалау. | 2-26 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Мазмұндау | |
| 14 | «Жаныңда жүр жақсы адам». | 2-28 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Мәтінді оқу | |
| 15 | «Бір тал кессең,он тал ек». | 2-30 | Бейне | Интернет | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | материал ұсыну | ресурстар | | |
| 16 | Қазақстанның болашағы – жастардың қолында | 2-32 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Эссе | |
| | **4.Тіл.Әдебиет. Өнер** | **8** | | | | |
| 17 | Тіл және адам болмысы. Тілдің маңыздылығы. | 2-34 | Өлеңдер оқыту | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 18 | Сөз өнері.Шешеннің сөзі – өнеге. | 2-36 | Өлеңдер оқыту | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 19 | Күй аспаптары.Күй және күйші. | 2-38 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| 20 | Қорытынды сабақ. Театр-өнер айнасы.Ұлттық театр. | 2-40 | Бейне материал ұсыну | Интернет ресурстар | Термин сөздер | |
| | **Барлығы** | **40** | | | | |